

Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 535 Қаулысы

2006 жылғы 12 қаңтардағы Еуразия даму банкі құру туралы келісіммен бекітілген Еуразия даму банкінің Жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еуразия даму банкіне қатысушының өкілетті өкілі Владимир Сергеевич Школьникке Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) Еуразия даму банкінің филиалын, сондай-ақ Астана (Қазақстан Республикасы) және Мәскеу қалаларында (Ресей Федерациясы) өкілдіктерін ашу туралы Еуразия даму банкі Кеңесінің шешімін қабылдау жөнінде дауыс беруге өкілеттік берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Еуразия даму банкі өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша байланыс жасайтын ресми орган ретінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Еуразия даму банкінің жарғылық капиталына жазылуға ақы төлеу бойынша вексельдер нысанында міндеттемелерді шығаруға өкілеттік берілсін.

4. Осы қаулы Еуразия даму банкі құру туралы келісім күшіне енген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі